

# 2025 жылғы Қазақстан Республикасындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы

Жариялау күні: 03.07.2026

Келесі жариялау күні: 05.07.2027


1. Түйінді тұстары
2. Негізгі капиталға салынған инвестициялар
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Байланысты басылымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

## 1. Түйінді тұстары

2025 жылы барлық қаржыландыру көздерінен негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 23492,5 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 16,7% өсті (салыстырмалы бағамен).

### Қазақстан Республикасындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар

өткен жылға пайызбен



Өңірлік бөліністе республиканың 18 өңірінде негізгі капиталға салынған инвестициялардың ұлғаюы байқалады. Бұл ретте ең үлкен өсім Ақмола (58,1%), Павлодар (52,5), Жамбыл (43%) облыстарында байқалады. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың төмендеуі Атырау (13,4%) және Қарағанды (4,8%) облыстарында байқалды.

### Өңірлер бөлінісіндегі негізгі капиталға салынған инвестициялар


	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге	Өткен жылға пайызбен	Негізгі капиталға салынған инвестициялардың республикалық көлеміндегі өңірлердің үлес салмағы, пайызбен
Қазақстан Республикасы	23 492 501 004	116,7	100,0
Абай	654 239 281	113,4	2,8
Ақмола	957 184 744	158,1	4,1
Ақтөбе	1 228 805 763	132,7	5,2
Алматы	1 356 483 266	129,5	5,8
Атырау	1 849 154 957	86,6	7,9
Батыс Қазақстан	893 421 296	116,2	3,8
Жамбыл	789 375 268	143,0	3,4
Жетісу	654 456 206	121,2	2,8
Қарағанды	1 444 734 092	95,2	6,1
Қостанай	802 047 574	120,3	3,4
Қызылорда	871 633 518	124,4	3,7
Маңғыстау	1 164 313 520	103,0	5,0
Павлодар	1 339 114 517	152,5	5,7
Солтүстік Қазақстан	592 394 751	100,9	2,5
Түркістан	1 830 475 071	127,3	7,8
Ұлытау	290 833 443	115,6	1,2
Шығыс Қазақстан	846 711 668	106,3	3,6
Астана қаласы	2 515 157 875	122,2	10,7
Алматы қаласы	2 547 856 672	119,0	10,8
Шымкент қаласы	864 107 522	108,1	3,7

## 2. Негізгі капиталға салынған инвестициялар

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың технологиялық құрылымында 66,2% ғимараттар мен имараттарды салу және күрделі жөндеу жұмыстарына (олардың 53,6% жеке меншіктегі кәсіпорындар жүзеге асырады), 29,1% - машиналарды, жабдықтарды және көлік құралдарды сатып алуға және күрделі жөндеуге кеткен шығындар, 4,7% - негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар.

### Негізгі капиталға салынған инвестициялардың НКИ элементтерінің технологиялық құрылымы

өткен жылға пайызбен



Жалпы республикалық күрделі салымдар көлемінің 43,9% ірі және орта кәсіпорындар жүзеге асырады.

### Кәсіпорындардың мөлшері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

мың теңге

	Негізгі капиталға салынған инвестициялардың игерілгені	Оның ішінде		
		шағын кәсіпорындар	орташа кәсіпорындар	ірі кәсіпорындар
2023	17 649 312 955	9 214 174 745	1 230 475 888	7 204 662 322
2024	19 461 332 759	10 686 595 089	2 141 891 110	6 632 846 560
2025	23 492 501 004	13 176 458 440	2 949 860 911	7 366 181 653

Инвестицияларды қаржыландырудың басым көздері шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты болып қала береді, олардың көлемі 2025 жылы 14367,3 млрд.теңгені немесе жалпы көлемнің 61,2% құрады.

Бюджет қаражаты негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 21,5% құрады.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде экономиканың нақты секторын қаржыландырудағы банк саласының үлесі 4,6%, басқа қарыз қаражаттары 12,7% алады.

### Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	2025		Анықтама: қорытындыға пайызбен	
	мың теңге	қорытындыға пайызбен	2024	2023
Негізгі капиталға салынған инвестициялар	23 492 501 004	100,0	100,0	100,0
оның ішінде қаражат есебінен:				
мемлекеттік бюджеттен	5 060 502 562	21,5	21,6	16,7
меншікті қаражат	14 367 300 357	61,2	62,9	72,2
банктердің кредиттері одан:	1 078 632 298	4,6	4,0	2,9
шетелдік банктердің кредиттері	71 763 410	0,3	1,1	0,3
басқа да қарыз қаражаты одан:	2 986 065 787	12,7	11,5	8,2
резидент еместер қарыз қаражаты	854 784 207	3,6	3,2	2,9

2025 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың негізгі үлесі өнеркәсіпке (40,5%) (оның ішінде тау-кен өндіру өнеркәсібіне және қарьерлерді қазуына – 14,3%, өңдеу өнеркәсібіне – 12,7%), жылжымайтын мүлікпен операцияларға (17,6%), көлік және жинақтауға (17,7%) және білім беруге (5,3%) тиесілі.

### Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар

	Негізгі капиталға салынған инвестициялар, мың теңге	Өткен жылға пайызбен	Инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлес салмағы, пайызбен
<b>Барлығы</b>	23 492 501 004	116,7	100,0
соның ішінде:			
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	1 153 598 515	151,8	4,9
Өнеркәсіп	9 516 814 085	118,3	40,5
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және қарьерлерді қазу	3 348 817 995	88,8	14,3
Өңдеу өнеркәсібі	2 981 309 703	139,0	12,7

Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	2 226 105 322	161,8	9,5
Сумен жабдықтау; су бұру;			
қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	960 581 065	131,2	4,1
Құрылыс	150 487 994	102,1	0,6
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	498 339 533	115,4	2,1
Көлік және жинақтау	4 155 735 079	112,3	17,7
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	252 370 177	135,7	1,1
Ақпарат және байланыс	481 835 214	132,0	2,1
Қаржы және сақтандыру қызметі	311 270 642	187,1	1,3
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	4 131 567 302	110,8	17,6
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	98 286 753	91,9	0,4
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	161 933 855	96,2	0,7
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	268 542 418	145,3	1,1
Білім беру	1 247 144 090	106,3	5,3
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	598 638 351	123,8	2,5
Өнер, ойын-сауық және демалыс	439 525 809	140,3	1,9
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	26 411 187	85,0	0,1

## Электронды кестелер:

[Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы](#)

### 3. Глоссарий

Негізгі капиталға инвестициялар - инвесторлардың жаңа құрылыс, сондай-ақ объектінің кеңейту (объектінің бастапқы құнының ұлғаюына әкеп соғатын) жағдайында инвесторлар үшін экономикалық, әлеуметтік немесе экологиялық әсер алу мақсатындағы инвестициялар, машиналар, жабдықтар, көлік құралдарын сатып алу, негізгі табынды, көпжылдық екіпелерді қалыптастыруға кететін шығындар және т.б.

Құрылыс-монтаждау жұмыстарына және күрделі жөндеуге арналған шығындарға ғимараттар мен құрылыстарды салу, кеңейту, реконструкциялау, энергетикалық, технологиялық және басқа жабдықтарды монтаждау жөніндегі жұмыстар бойынша кешенді жұмыстардың шығындары, сондай-ақ тұрғын емес, тұрғын ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеу жөніндегі шығындар жатады.

Машиналар мен жабдықтарды сатып алуға арналған шығындар-машиналарды, Көлік құралдарын, жабдықтарды сатып алуға арналған шығындарды қамтитын инвестициялардың технологиялық құрылымының элементі.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлеміндегі өзге де шығындар-жобалау-іздігіру жұмыстарына, авторлық қадағалауға, салынып жатқан объектілер дирекцияларын ұстауға арналған шығыстар, мәдениетті биологиялық шығындарға арналған шығындар, сондай-ақ ұйымдар құрған немесе сатып алған, шаруашылық қызметте бір жылдан астам пайдаланылатын, ақшалай бағасы бар, иеліктен шығару қабілеті бар және кірістер әкелетін объектілерге жұмсалатын шығындар, бірақ материалдық құндылықтар емес.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлемінің индексі динамикадағы инвестициялық инвестициялардың өзгеруін сипаттайды, есепті және салыстырылатын кезеңдегі негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің салыстырмалы бағалардағы қатынасымен анықталады.

### 4. Әдістемелік түсініктемелер

Негізгі капиталға инвестициялар туралы статистикалық ақпарат инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің (жұмыс істейтіндердің санына және экономикалық қызмет түріне қарамастан) жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларының және жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулардың бастапқы статистикалық деректері негізінде қалыптастырылады.

Инвестициялық салымдарды есепке алу инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектінің тіркелген жеріне қарамастан, нақты жүзеге асырылатын жер бойынша көзделген.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы айлық негізде қалыптастырылған жедел деректер жылдық деректермен нақтыланады.

Экономикалық қызмет түрлері бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы деректер пайдалану бағыты бойынша (инвестиция (түпкілікті пайдалану) бағытының сипатына және инвестордың экономикалық қызметінің түріне байланысты) қалыптастырылады.

### 5. Пайдалы сілтемелер

[Инвестициялық қызмет статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру әдістемесі](#)  
[Статистикалық форма «Қазақстан Республикасындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар туралы есеп»](#)  
[\(индекс 1-инвест, жылдық\)](#)  
[Ақпараттық-аналитикалық жүйесі «Талдау»/Инвестициялар және құрылыс статистикасы / Инвестициялар](#)

<b>Жауапты шығарушы:</b> Өндіріс және қоршаған орта статистикасы департаменті	<b>Департамент директорының м. а.:</b> И. Торғаутова Тел. +7 7172 749778	<b>Орындаушы:</b> Г. Жараспаева Тел. +7 7172 749317 E-mail: gu.zharaspaeva@aspire.gov.kz	<b>Адрес:</b> 010000, Астана қаласы пр. Мәңгілік ел, 8 Министерліктер үйі, 4 кіреберіс
---	--	---	--

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

Агентство по стратегическому управлению реформами Республики Казахстан И. Торғаутова